

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
2022-2023 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің  
№5 ХАТТАМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ**

**Түркістан қаласы**

**22 желтоқсан 2022 жыл**

**Өткізілген орны:** Мәдениет сарайының кіші залы

**Өткізілген уақыты:** 2022 жыл 22 желтоқсан, сағат– 15:00

**Қатысқандар –** ОӘК мүшелері

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату (*Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы- Е.Ш.Шахабаев*);

2. 2022-2023 оқу жылында ҚР ҒЖБМ Реестріне тіркелген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының іске асырылуына талдау жасауға ұсыну (*Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы- Е.Ш.Шахабаев*);

3. 2022-2023 оқу жылына бакалавриат, магистратура, докторантура, резидентура бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттау комиссия төрағалары мен құрамын бекітуге ұсыну (*Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлім басшысы - Л.Ибрагимова*);

4. Әртүрлі мәселелер

4.1. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы - 2021» грант иегерлерінің жылдық есебі (*«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы 2021» грант иегерлері*);

4.2. Университет ОПҚ дайындаған оқулық, оқу-құралдарын, оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтарын талқылап бекіту (*Факультет төрағалары*);

4.3. Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесіне өзгертулер енгізу (*Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшы орынбасары - Қ.Полатбекова*);

4.4. Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесіне өзгертулер енгізу (*Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшы орынбасары - Қ.Полатбекова*);

4.5. Білім беру бағдарламасын әзірлеу және жаңарту ережесіне өзгертулер енгізу (*Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшы орынбасары - Қ.Полатбекова*).

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Факультеттердегі педагогикалық озық тәжірибе таратуға бағытталған әдістемелік семинарлар, ашық сабақтар өткізу және өзара сабаққа ену нәтижелеріне жүргізілген мониторинг нәтижелері назарға алынсын.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2.1 2022-2023 оқу жылында ҚР ҒЖБМ Реестріне тіркелген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының іске асырылуы туралы мәліметтер назарға алынсын;

2.2 Білім беру бағдарламаларының аудиті нәтижелеріне АД және вице-ректорлардың қатысуымен талқылау жүргізу кестесі бекітілсін.

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3. 2022-2023 оқу жылындағы бітіруші білім алушыларға қорытынды аттестаттау өткізу үшін аттестаттау комиссиясының төрағалары кезекті университет Сенатына бекітуге ұсынылсын (*жауапты: Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлім басшысы - Л.Ибрагимова*).

**Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

4.1. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы - 2020» грант иегерлерінің жылдық есебі сенатта қарауға ұсынылсын (*«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы 2020» грант иегерлері*).

**Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

4.2. Төмендегі оқу-құралдары бекітілу үшін кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын:

4.2.1. Теология факультеті, «Дінтану» кафедрасының оқытушысы А.Бейсеновтың «Діндер тарихы» атты оқу құралы;

4.2.2. Дайындық орталығының бөлім оқытушылары профессор Қ.Қадашева, п.ғ.к., А.Мырзаханова, аға оқытушы Ж.Базарова, Астана қаласы, Еуразия университетінің профессоры Ұ.О.Асанова, Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау университетінің бас маманы, бағдарламашы А.О.Амиржанова, Ұлттық тестілеу орталығының бас expertі Б.Г.Ашиқбаева, Ш.Шаяхметов

атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Орфография басқармасының жетекші ғылыми қызметкері С.К.Омарова, К.Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университетінің доценті Ш.Д.Абдиевалармен авторлық бірлікте дайындалған сөйлеу әрекетінің 4 тілдік дағдысына құрылған «Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешені (туыс тілде сөйлейтіндер үшін) (А1, А2, В1, В2) және «Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқытуға арналған «Қазақ тілі» деңгейлік оқу-кешенінің стандарты мен бағдарламасы», А1, А2 деңгейлеріне арналған ассоциативтік сөздік, В1, В2 деңгейлеріне арналған мәдениеттанымдық сөздік, қазақ-түрік-өзбек тілдеріндегі ортақ сөздікті университет есебінен шығару (*жауапты: ОӘК хатшысы – А.Б.Тасова*).

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

4.3. Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесіне өзгертулер енгізілсін (*Жауапты: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшы орынбасары - Қ.Полатбекова*).

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

4.4. Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесіне өзгертулер енгізілсін (*Жауапты: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшы орынбасары - Қ.Полатбекова*).

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

4.5. Білім беру бағдарламасын әзірлеу және жаңарту ережесіне өзгертулер енгізілсін (*Жауапты: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшы орынбасары - Қ.Полатбекова*).

**Оқу-әдістемелік комитет  
хатшысы**



**А.Б.Тасова**